

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 354 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**"Қазақстан Республикасының темір жол көлігі мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

- 1) 1-баптың бесінші бөлігі алынып тасталсын;
- 2) 3-баптың төртінші бөлігіндегі "Темір жолдардың қызметі аз учаскелері" деген сөздер "Кірме жолдар" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) 6-баптың екінші бөлігіндегі төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасында көлік қызметін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және де мемлекеттік стандарттарды әзірлеуге қатысу;"
- 4) 7-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:
"Лицензия беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;"
- 5) 9-баптың алтыншы бөлігі "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін " магистралдық темір жол желісін," деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

1) Заңның мәтінінде "почта" және "почтаны" деген сөздер тиісінше "почта жөнелтімдерін" және "почта жөнелтімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) вагон - темір жолдармен тасымалдауға арналған, өздігінен жүрмейтін т і р к е м е л і к ө л і к қ ұ р а л ы

8) тармақша мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"облысшілік - Қазақстан Республикасының бір облысы шегінде жолаушыларды т а с ы м а л д а у ; " ;

мынадай мазмұндағы 9-1), 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) темір жол станциясы - қозғалысты, өткізу қабілетін реттеуді қамтамасыз ететін және поездарды қабылдау, жөнелту, айырылыстыру және басып озу, багажды, жүктерді, жүк багажды, почта жөнелтімдерін қабылдау, беру және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін жолдық дамуы бар, магистралдық жолдарды учаскелерге бөлетін пункт;" ;

"12-1) контейнер - жүк тасымалына арналған, әмбебап көлік жабдығы;

"12-2) контрагент - рельс бойындағы қоймаларға, жүк сақтауға арналған аландарға, тиеу-түсіру механизмдеріне және (немесе) басқа тармақ иеленушінің кірме жолдарына жалғасатын кірме жолдарға меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иелік е т е т і н т ұ л ғ а ; " ;

13), 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) магистралдық темір жол желісі - магистралдық және станциялық жолдарды, сондай-ақ электрмен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілерін, құрылғыларды, жабдықты, ғимараттарды, құрылыстарды және оның жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті өзге де объектілерді қамтитын магистралдық темір жол инфрақұрылымы;

14) магистралдық жолдар - Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпы пайдаланымдағы темір жол көлігінің жұмыс істеуіне арналған темір жол станцияларын қосатын және де басқа мемлекеттермен темір жол қатынасын қамтамасыз ететін темір ж о л д а р ; " ;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) жалпы пайдаланымдағы орындар - жабық және ашық қоймалар, сондай-ақ темір жол көлігі ұйымына тиесілі темір жол станциясының аумағында әрі оның шегінен арнайы бөлінген және жүктерді, багажды, жүк-багажды тиеу, түсіру, сұрыптау, сақтау жөніндегі операцияларды орындау үшін пайдаланылатын учаскелер";

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Ұлттық темір жол компаниясы - құрылтайшысы (жалғыз қатысушысы)

мемлекет болып табылатын, магистралдық темір жол желісін күтіп ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын, сондай-ақ магистралдық темір жол желісінің қызметін көрсететін ұйым;" ;

мынадай мазмұндағы 15-1), 16-1) және 16-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"15-1) Ұлттық тасымалдаушы - жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтімдерін және (немесе) жүкті жылжымалы құраммен тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету үшін мемлекет құрған тасымалдаушы;" ;

"16-1) вагон (контейнер) операторы - вагондарға (контейнерлерге) меншік құқығында немесе заңды негіздерде иелік етуші және (немесе) тасымалдау процесін жүзеге асыруға осы вагондарды (контейнерлерді) және тасымал құжаттарында көрсетілгендерді тасымалдаушымен шарт негізінде қатысушы тұлға;" ;

"16-2) локомотивтік тартым операторы - локомотивті күтіп ұстауды және пайдалануды қамтамасыз ететін және локомотивтік тарту қызметін көрсетуге сертификаты бар тартатын көлік құралының (локомотивтің) иесі;" ;

17), 18), 22), 25), 26) және 28) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"17) магистралдық темір жол желісінің операторы - магистралдық темір жол желісінің қызметтерін ұсыну және тасымалдау процесін басқару үшін мемлекет құрған ұйым;" ;

18) темір жол көлігінің ұйымы - темір жол көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға;" ;

"22) тасымалдаушы - өзінің немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын жылжымалы құраммен тасымалдауды жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;" ;

"25) жылжымалы құрам - жолаушыларды, багажды, жүкті, жүкті, жүк - багажды және почта жөнелтімдерін темір жолдар бойынша тасымалдауға арналған тартқыш (локомотивтер), өздігінен жүретін және өзге де көлік құралдары;" ;

"26) кірме жолдар - жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған және тікелей немесе басқа кірме жолдар арқылы магистралдық және (немесе) станциялық жолдарға қосылатын темір жолдар;" ;

"28) тасымалдау ережесі - тасымалдау процесінің барлық қатысушыларының қызметін және өзара қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық кесімдер;" ;

мынадай мазмұндағы 33-1), 33-2) және 33-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"33-1) локомотивтік тартымның қызметтер көрсетуі - темір жолдар бойынша тартқыш көлік құралымен (локомотивпен) жылжымалы құрамды жылжыту жөніндегі қызметтер көрсету;" ;

"33-2) магистралдық темір жол желісінің қызметтер көрсетуі - магистралдық темір жол желісін пайдалануға беру жөніндегі және онымен жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсету;" ;

"33-3) кірме жолдардың қызметтер көрсетуі - кірме жолдарды пайдалануға ұсыну

жөніндегі қызметтер көрсету;" ;

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"34) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасында көлік кешенінің қызметін үйлестіруді, реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;" ;

мынадай мазмұндағы 35) тармақшамен толықтырылсын:

"35) экспедитор - жүкті тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсететін тұлға, ол көлік экспедициясы шартының негізінде тасымалдау құжаттарында тасымалдарға ақы төлеуші ретінде көрсетілуі мүмкін." ;

3) 3-бап мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3. Өзінің тартқыш көлі (локомотиві) жоқ тасымалдаушы, тапқыш көлік құралының (локомотивінің) операторымен жасасқан шарттың негізінде локомотивтік тартымның қызметтер көрсетуін пайдаланады" ;

4) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Магистралдық темір жол желісі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпы пайдаланымдағы темір жол көлігінің объектісі болып табылады, жекешелендіруге жатпайды және Ұлттық темір жол компаниясына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіпте беріледі." ;

5) 6 - б а п т а :

2-тармақта "магистралдық темір жол желісін пайдаланғаны" деген сөздер " магистралдық темір жол желісінің қызметтер көрсетуі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ мынандай редакцияда жазылсын:

"Магистралдық темір жол желісінің операторы тасымалдаушыларға магистралдық желіні құқығын шектемей, магистралдық темір жол желісін тең құқылы пайдалануды міндетті түрде қамтамасыз ету керек.

Тасымалдаушыларға поездар қозғалысын нақты бағытта қанағаттандыру магистралдық желідегі өткізу қабілетімен шектелген жағдайда, тасымалдау Магистралдық желіге тасымалдаушылардың кіруге құқығын шектемейтін ережемен белгіленген тәртіпте конкурстық негізде жүргізіледі.

Магистралдық темір жол желісінің операторы тасымалдаушыларға магистралдық темір жол желісінің қызметін көрсетуге бас тартуға құқысыз, егер басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылмаса." ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жана магистралдық жолдар салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жүзеге асырылады." ;

6) 8-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Локомотивпен тарту операторы заңнамада белгіленген тәртіппен және

шарттардың негізінде тарту локомотивпен қызметін көрсетеді.

Тартқыш көлік құралының (локомотив) иесі бірінші кезекте тартым локомотивінің қызметтер көрсетуін арнайы және әскери тасымалдарды орындау үшін ұлттық тасымалдаушыға ұсынуға міндетті.";

7) 1 2 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Магистралдық темір жол желісі операторының қызмет көрсетулерінің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жолаушылардың халықаралық және республикалық қатынастарда жол жүру бағасына (тарифтеріне) жеңілдіктер белгілеуі мүмкін. Жергілікті өкілдікті және атқарушы органдар жолаушылардың облысшілік және қала маңындағы қатынастарда жол жүру бағасына (тарифтеріне) жеңілдіктер белгілеуі мүмкін. Егер осындай жеңілдіктер белгіленген кезде көрсетілген қатынастарда жолаушылар тасымалдарының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейі қамтамасыз етілмейтін болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті өкілдікті және атқарушы органдар жолаушылар поездарының маршруттары бойынша тасымалдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінде көзделген қаражат есебінен субсидиялауын, Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталған тәртібімен қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жолаушылар тасымалдарының тиімді жұмыс істеуіне қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін жолаушылар поездарының маршруттары бойынша тасымалдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінен субсидияландырылады.";

8) 1 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) магистралдық темір жол желісіне кіретін магистралдық жолдардың тізбесін б е к і т у ; " ;

"7) темір жол көлігі саласындағы тәртіп пен ережелерді бекітуді анықтау;"

10), 11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жүктерді әскерилендірілген күзетпен қамтамасыз ету тәртібін белгілеу;

11) тасымалдаудың осы түрінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін жолаушылар тасымалдарын субсидияландыру ережесін бекіту;

12) халықаралық және республикалық қатынастарда магистралдық темір жолдар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;"

13, 16) тармақшалар алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісе отырып, станциялық жолдардың, электрмен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, ғимараттардың, құрылыстардың және магистралдық төкпе жол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті өзге де объектілердің тізбесін бекіту;"

9) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту;"

"15) темір жол көлігінде азаматтардың қауіпсіздігі ережесін бекіту;"
мынадай мазмұндағы 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25) және 26) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) экспедиторлардың қызмет тәртібін бекіту;

17) вагондар (контейнерлер) операторларының қызмет тәртібін белгілеу;

18) локомотивтік тартым қызметтерін көрсетуді ұсыну тәртібін белгілеу;

19) жалпы пайдаланымдағы орындарға талаптарды белгілеу;

20) табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісе отырып, магистралдық темір жол желісі бойынша қызмет көрсетуге кіретін операциялар тізбесін бекіту;

21) табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісе отырып жылжымалы құрамның өткізілуін ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетуге кіретін операциялар тізбесін бекіту;

22) табиғи монополия саласындағы мекемелерге қызмет көрсетуге жататын шикізат, материалдар, отын, энергия шығындары тізбесін бекіту;

23) табиғи монополиялар саласындағы істі реттеу мен қадағалауды атқаратын мемлекеттік органмен келісім бойынша магистралдық темір жол желісіне тасымалдаушының теңқұқылы өтуін бекіту;

24) табиғи монополиялар саласындағы істі реттеу мен қадағалауды атқаратын мемлекеттік органмен келісім бойынша магистралдық темір жол желісіне тасымалдаушының, жүкжөнелтушілердің, контрагенттердің және басқа тұлғалардың теңқұқылы өтуін бекіту;

25) темір жол көлігі ұйымдарында кірме жолдарда жұмыс ұйымдастыру ережесін бекіту;

26) темір жол көлігі қасіретіне қорғалған арнайы бөлінген жерлердің пайдалану көлемін, тәртібін, ережесін бекіту;

3-тармақтың 1) тармақшасында "қала маңында" деген сөздер "облысшілік және қала маңындағы қатынастарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 15 - бапта:

2-тармақтағы "магистралдық темір жол желісін иелену мен пайдалануды жүзеге асырады және", "мен тасымалдаушының" деген сөздер алынып тасталсын;

3 - тармақ алынып тасталсын;

10) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Ұлттық тасымалдаушы

1. Ұлттық тасымалдаушы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық тасымалдаушы жолаушыларды, багажды, жүк багажды, почта жөнелтімдерін және (немесе) жүктерді, оның ішінде арнайы және әскери жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

3. Ұлттық тасымалдаушының мәртебесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді." ;

11) 17 - бапта :

1-тармақ "поездарды қабылдау, жөнелту, айырылыстыру және басып озу, жүктерді қабылдау, беру және жолаушыларға қызметтер көрсету жөніндегі.

2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жұмыс режиміне талаптарды, сондай-ақ барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын ашу және жабу тәртібін уәкілетті орган белгілейді." ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Станциялар өзінің мақсаты және жұмыс сипаты бойынша жолаушылар, жүк, сұрыптау, учаскелік және аралық станциялары болып бөлінеді." ;

12) 31 - бапта :

5-тармағы мынандай редакцияда жазылсын:

"5. Темір жол көлігінің ұжымдары өздерінің кінәсінен туындаған қозғалыс қауіпсіздігін бұзу және олардың зардаптары (қоршаған ортаны ластағаны, поездар жүрісіндегі үзілістер және басқалары) үшін жауапты болады." ;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Көлік құралының (локомотивтің) иесі локомотивтік-тартымның қызметін көрсету кезінде оның жарамды қалпында сонымен бірге қолдануға технологиялық дайындығын қамтамасыз ету керек." ;

13) 32-баптың 2-тармағы "деңгейін айқындау тәртібін" деген сөздерден кейін ", лауазымдарға (кәсіптерге) қойылатын біліктілік талаптарын" деген сөздермен толықтырылсын ;

14) 33-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тасымалдаушы, жүк жөнелтуші Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің күзетілуін қамтамасыз етуге міндетті." ;

15) 34-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жұмылдыру дайындығын қамтамасыз етуге, азаматтық қорғаныс жөніндегі, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды өткізуге,

төтенше жағдайлар режимін енгізуге байланысты құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.";

16) 36-баптың 2-тармағы "тасымалдау үшін төлеушіні және вагондардың (контейнерлердің) операторын көрсете отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 40 - б а п т а :

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) вагондарды беруге-жинауға шарт жасасу және осындай шарттардың міндетті болуы ; "

2-тармақта "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

18) 41-баптың 5-тармағы "жүк алушыға" деген сөзден кейін "немесе экспедиторға" деген сөздермен толықтырылсын ;

19) 44 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақша "экспедитордан" деген сөзден кейін ", вагондар (контейнерлер) операторынан" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) тармақшасы "жүк жөнелтуші," деген сөздерден кейін "экспедитор, вагондар (контейнерлер) операторы және" деген сөздермен толықтырылсын ;

20) 45-баптың 1-тармағы мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Көлік құралдарын беру және әкету

1. Тасымалдаушы қабылданған өтінімде және (немесе) шартта белгіленген мерзімде жүк жөнелтушіге көлік құралдарын (вагондарды, контейнерлерді) тиеу үшін беруге және әкетуге міндетті. Берілген көлік құралдарды мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін жарамды: ақаусыз, іші мен сырты тазаланған, қажет болған жағдайда жуылған және зарарсыздандырылған болуы тиіс.

Вагондар, контейнерлер жеке құқықпен немесе өзге де заңдармен және шарттармен белгіленеді, вагондар, контейнерлер тиеу дайындауы тұлғаның қаражатынан беріледі;

21) 47-баптың 5-тармағындағы "келуі туралы хабарлама жіберілген" деген сөздер "оны беру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

22) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін және олардың темір жол желілерінде кідірілгені (бос тұрғаны) үшін төлем

1. Тасымалдаушыға тиесілі вагон, контейнер, тиеу, түсіру (жүктен босату) маневрлік жұмыс және бос тұруы үшін уақытты қоса алғанда, жүк жөнелтушіде, жүк алушыда, тармақ иеленушіде болған жағдайда, не жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің кінәсінен олар дер кезінде берілмеген, қабылданбаған жағдайда олар тасымалдаушыға вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлем жасайды. Тиеу-түсіру және маневрлік жұмыс технологиялық уақыты тасымалдау ережесімен анықталады .

2. Магистралдық, станциялық немесе кірме жолдарда вагондар, контейнерлер жүк

жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің кінәсінен кідірілген жағдайда, олар тасымалдаушыға оның көрсетілген темір жол желілерін пайдаланған уақыты үшін төлеген шығындарын өтеуге міндетті.

3. Осы бапта көзделген төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. "

23) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Магистралдық темір жол желісін пайдаланудан пайда болу міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

Магистралдық темір жол желісін пайдаланудан пайда болу міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, магистралдық темір жол желісін пайдалану ережелерінде, сондай-ақ осылардың негізінде жасалған шарттарда белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде жауапты болады. "

24) 55 - бапта :

1-тармақта "жүк жөнелтушінің," деген сөздер "жүк жөнелтушінің немесе" деген сөздермен ауыстырылсын, "осындай кедергілер туындаған кезден бастап бір тәулік ішінде" деген сөздер "телеграф арқылы немесе жасалған шартқа сәйкес өзге тәсілмен кешіктірмей " деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "тез бөлінетін жүкті" деген сөздер "оны қайтаруға мүмкіндік болмаған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 56 - бапта :

2-тармақта "тасымал көлеміне" деген сөздер "жүк айналымына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ "салу" деген сөзден кейін "немесе кезек күттірмейтін жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 57 - бапта :

2-тармақта "оны иеленушілердің" деген сөз "тармақ иеленушінің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жаңа кірме жол жалғасқан немесе қолданыстағы кірме жолдағы тасымалдау көлемі ұлғайған жағдайда кірме жолдарды, станцияларды салу, магистралдық темір жол желісінің қолданыстағы станцияларын дамыту бастамашының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. "

27) мынадай мазмұндағы 57-1-баппен толықтырылсын:

1. Тармақ иеленушілер жылжымалы құрамның өткізілуі, тұруы, вагондарды беру және әкету, паромдарға кіргізу-шығару, жүктерді қабылдау, тиеу, түсіру (жүктен босату), маневрлік жұмыстар жөніндегі операцияларды және шарт негізінде өзге де операцияларды жүзеге асыру үшін тасымалдаушыға, жүк жөнелтушіге, жүк алушыға,

контрагенттерге және басқа да тұлғаларға кірме жолдардың қызметтерін көрсетуі
м ү м к і н .

2. Кірме жолдардың қызметтер көрсетуін ұсынғаны үшін сала иелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем алады.

3. Тармақ иеленуші кірме жолдарды тасымалдаушыға, жүк жөнелтушіге, жүк алушыға, контрагенттерге және басқа тұлғаларға қолдануға тең құқылы қамтамасыз ету
к е р е к ;

2 8) 5 8 - б а п т а :

1-тармақ "және маневрлік жұмысты" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі "жүкті қабылдау мен беру жөніндегі қызметті" деген сөздер "кірме жолдардың қызметтерін көрсетуді" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тармақ иеленуші анықталған бұзушылықтарды актіде көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда, магистралдық темір жол желісінің операторы кірме жолдарға жылжымалы құрамды беруді және әкетуді тоқтатуға құқылы.";

29) 60 және 64-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"60-бап. Кірме жолдардың қызметін көрсетуге

1. Кірме жолдардың қызметтерін көрсету жөніндегі магистралдық темір жол желісі операторының, тасымалдаушының, сала иесінің, контрагенттің өзара қарым-қатынастары шарттармен белгіленеді.

2. Сала иесінің бір жақты тәртіппен:

1) шарттың жағдайларын кірме жолдар қызметін көрсетулерге ауыстыруға;

2) кірме жолдар қызметін көрсетулерге арналған шарттарды бұзуға;

3) тасымалдаушының, жүк жіберушінің, контрагенттің және басқа тұлғалардың, олардың кірме жолдар қызметін көрсетулерге арналған жағдайлардан басқа кезде, жағдайын нашарлататын басқа да іс-әрекеттер жасауына құқы жоқ.";

"64-бап. Жолаушылар тасымалын ұйымдастыру

1. Халықаралық және республикалық - қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Облысшілік және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру жергілікті атқарушы органдардың немесе тасымалдаушының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Жолаушыларды тасымалдауды магистралдық темір жол желісі операторымен келісілген кесте бойынша тасымалдаушы ұйымдастырады.";

30) 66-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережесін тасымалдаушылардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган

б е л г і л е й д і . " ;

31) 67-баптың 1-тармағы 4) тармақшасының бірінші бөлігі "бір толық немесе баланың жол жүру құжатына" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 68-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жолаушы (жөнелтуші) багажды тапсырған кезде багаждың құндылығын жариялауға құқылы, жүк-багажды тапсырған кезде оның құндылығын жариялауға м і н д е т і " ;

34) 71-бап алынып тасталсын;

35) 72-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"72-бап. Почта жөнелтімдерін тасу

Почта вагондарында Қазақстан Республикасының почта туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.";

36) 73-баптың 1-тармақтағы "осы Заңда" деген сөздерден кейін "және темір жол көлігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

37) 77-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Тасымалдаушының қабылданған өтінімге сәйкес жылжымалы құрамды бермегені үшін айыппұл төлеуі, оны жылжымалы құрамды беру жөніндегі одан арғы міндеттемелерінен босатпайды. Жылжымалы құрам жүк жөнелтушіге ескертілген ұзартылған мерзімде ұсынылған жағдайда тасымалдаушы, егер ол жылжымалы құрамды бермеу оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаған болса 5 есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.";

38) 82-бапта "жабылмаған тұрақсыздық айыбы бөлігінде" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

39) 89-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес кінә қоюға өтініш берушінің кінә қою құқығы бар екендігін куәландыратын құжаттар қоса берілуге тиіс.";

40) 92-баптың 2-тармағы - мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) өткізу қоймасына багажды, жүкті немесе жүк-багажды тапсырған кезде;".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті